

АДАМНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ БОЙЫНША СОТ ОРГАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ РӨЛІ

Бисенова М.К., заң ғылымдарының кандидаты, bagnur@mail.ru
Ябинова А.Р., заң ғылымдарының магистрі, yabinova92@mail.ru

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада жеке адамның құқықтық мәртебесі мен оның Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында айқындалуы қарастырылады. Конституция адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын халықаралық-құқықтық нормаларға сәйкес бекітеді. Онда адамның өмір сүру, бостандық, ар-намыс пен қадір-қасиет, тұрғын үйге қол сұқпаушылық, еркін жүріп-тұру, заң алдындағы теңдік сияқты негізгі құқықтары жан-жақты сипатталады. Мақалада сондай-ақ адам құқықтарын қорғаудағы сот жүйесінің рөлі мен конституциялық кепілдіктердің маңызы талданады. Автор адам құқығы мен бостандығын сақтау – мемлекеттің және қоғамның басты міндеті екенін айқындайды.

Түйінді сөздер. Жеке адамның құқықтық мәртебесі, Конституция, адам құқықтары, бостандық, ар-намыс пен қадір-қасиет, халықаралық-құқықтық нормалар, сот арқылы қорғау, заң алдындағы теңдік, тұрғын үйге қол сұқпаушылық, өмір сүру құқығы.

Кіріспе. Жеке адамның Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында орнықтырылған құқықтық мәртебесі адамдар мен азаматтардың құқықтары тұжырымдамасына негізделген және халықаралық-құқықтық құжаттардың негізгі қағидаларынан туындайды.

Қазіргі заманғы халықаралық құқықта адам құқығына қатысты тұтастай құқықтық актілер кешені қалыптасты. Халықаралық нормалары нақты мемлекеттегі адам құқын тікелей реттемейді. БҰҰ Жарғысы (1-баптың 3-тармағы) мемлекеттерді олардың аумағында тұратын барлық адамдардың, қандай да болсын кемсітуге жол берместен негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндеттейді. БҰҰ шеңберінде осы мәселе бойынша: "Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы" (1948ж.), "Адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы", "Адамдардың азаматтық және саяси құқықтары туралы" (1966), "Балалар құқы декларациясы" (1959ж.), "Әйелдердің саяси құқы туралы конвенция" (1954ж) және басқа бірқатар құжаттар қабылданды [1].

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж.) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайта отырып, халықаралық актілердің нормалары мен принциптеріне сүйенеді. Аталған және басқа халықаралық актілер мынадай негізгі құқықтар мен бостандықтарды жариялайды: кез келген адам өмір сүруге, бостандыққа және жеке басына қол сұғылмауына құқылы; ешкім де азапталмауы, қадір-қасиетін кемсітетіндей көз алартушылыққа және жазаға ұшырамауы тиіс; барлық адамдар заң алдында тең, заңмен тең дәрежеде қорғалуға құқылы; кез келген адам тұратын орнын мемлекет шегінде еркін алмастыруға және таңдауға құқылы; кез келген адам өзінің, отбасының және басқаларының денсаулығын және тұрмыс жағдайын қолдауға қажетті өмірлік деңгейде еңбек етуге, білім алуға, дем алуға құқылы. Халықаралық-құқықтық құжаттар адам құқы мен бостандығын ең жоғары құндылық деп таниды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам құқығы туралы халықаралық, құжаттардың негізгі идеялары мен қағидаларын қабылдады және оны мемлекеттің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып нығайтты. Конституцияда мемлекеттің адамға және азаматқа қатынасы туралы қағида орнықтырылды[1].

Зерттеу материалдары мен әдістері. "Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар

мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады" (12-бап, 2-тармақ). Бұл адамның табиғи құқын мемлекеттің тануы және бастау алар қайнар көзі болып табылады және Конституцияның "Адам және азамат" деген II тарауының мазмұнын белгілейді. Мұнда адам құқымен бірге азаматтың да құқы мен міндеті туралы айтылады.

Жеке құқытар мен бостандықтарға адам азаматтығына қарамай-ақ ие болады. Бұл тумысынан тиесілі құқықтар, олар мемлекеттің не басқа тұлғалардың еркі бойынша аластатылуы мүмкін емес. Бұлар адамның өмірімен, бостандықтарымен, ар-ожданымен және басқа табиғи құқықтарымен байланысты құқықтар.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 15-бабына сәйкес әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға құқығы жоқ. Өмір сүру құқығы әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы деген конституциялық нормалармен бекітіле түскен.

Салауатты өмір сүру құқығына әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға, білікті заң көмегін алуға құқығы бар деген сияқты конституциялық нормалармен кепілдік беріледі[2].

Адамның жеке басының бостандығы және еркі жүріп-тұру құқытары конституциялық түрде бекітілген. Кез келген конституциялық мемлекеттердегі сияқты Қазақстан Республикасында заңда көрсетілген реттерде ғана және тек соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға немесе қамауға және қамауға алуға жол беріледі. Бұл жағдайда тұтқындалған адамның сотқа шағымдануға, тұтқындалған сәттен бастап адвокаттың көмегі пайдалануға құқығы бар.

Конституциялық құқықтарға бекітілген және бір жаңалыққа Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адамның оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша тандап алуға құқығы бар барлығын жатқызуға болады. Әрбір адамның Республикадан тыс жерлерге кетуіне және Республика азаматтарының Республикаға кедергесіз оралуына құқығы бар.

Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтындығы конституциялық құқық болып табылады. Адамдық қадір-қасиеттерге құрметпен қарау азаматтық қоғамның басты белгілерінің бірі.

Конституция жеке тұлғаның аса маңызды, әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын бекітеді. Олар ерікті адами тән ар-ожданы мен қадір-қасиетін қамтамасыз етеді. Конституциялық құқықтары мен бостандықтары қоғамды құру және басқару ісі мәселелерін шешуге қатысуға табиғи құқықтарды бекітеді. Сонымен қоса конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру мемлекеттің конституциялық бастауларды іске асыруды қамтамасыз етеді[4].

Жеке адамның қоғамдағы жағдайы мемлекет думуының деңгейін сипаттайды. Адамның өміріне, жеке бостандығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға ешкімнің құқығы жоқ. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясы, басқа да заңдары азаматтың жеке бостандығын қамтамасыз етуге айырықша назар аударады. Егер өміріне, денсаулығына, азаматтық қадір-қасиетіне қауіп төнсе әр адам мемлекеттік органдардан көмек сұрауға, заңмен қорғалуға құқылы. Жоғарыда айтылғандай, ол үшін арнаулы органдар жұмыс істейді. Адам өзінің құқы мен бостандығын бұзушылардан қорғанып Республика Президентіне жүктеуге құқылы. Бірде-бір мемлекеттік орган, бір де бір лауазымды адам азаматтың құқығын шектей алмайды. Бұл, адам құқығы мен бостандығы шектелген жағдайда, оған қай заңды бұзғаны, қандай құқық бұзушылық жасағаны туралы хабарлануы тиіс[3].

Ең маңыздысы, адамның табиғи құқығы-өмір сүру құқығы. Әркімнің сүру құқы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін хақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кез келген адамға кешірім жасау туралы арыздану құқығы беріледі (Конституцияның 15-бабы).

Жеке адамның өміріне қол сұқпаушылық Конституция арқылы қорғалады.

Конституцияның 17-бабы 2-тармағында былай делінген: «Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды».

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның ең сапалы қасиетін-ар-намыс пен қадір-қасиетті жоғары қояды. Ар-намыс барлық халықта да жанның бекзаттығының көрінісі ретінде есептеледі. "Басында арың сақтайды", "Ардан ақыл туады, ақылсыздық ең соңғында қуады", "Дүрленсең де арыңды сақта" дейді орыс мақалы. Қазақ атамыздың да "Арым үшін жан пидә", "Малын жанымның садағасы, жаным арымның садағасы" деген қанатты сөздері ақылым заманнан бүгінгі күнге жетті. Ізгілікке негізделген қоғамда ар-намыс пен ар-ождан заңмен қорғалады. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясының 17-бабында: "Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды" деп жазған.

Заң адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін кемситетін халық ретінде қорлауға тыйым салады. Қорлау-жағымсыз, жалпы адамзаттық мораль принциптері тұрғысынан бұған жол берілмейтіндей нысанда көрінген іс-әрекет болсын заңсыз қол сұғушылықтан қорғайды. Мысалы, азаматтыққа қатысты ақпаратты оның келісімінсіз жинауға, сақтауға, пайдалануға және таратуға болмайды. Ол үшін тек азаматтың ғана келісімі емес, сондай-ақ мұндай ақпараттың заңды қарастырылған сақтау, пайдалану тәртібі де сақталуы тиіс. Егер ол заңдық жауаптылыққа татылған болса, ақпаратты құқық қорғау органдары (полиция, прокуратура, сот) азаматтың келісімінсіз жинай алады. Егер адам жауаптылыққа тартылмаған болса, аталған органдардың ол туралы ақпарат жинауға, сақтауға, пайдалануға және таратуға құқы жоқ[5].

Жеке өмірге араласпау тұрғын жайға қол сұқпаушылықты белгілеуді де білдіреді. Үй иесінің келісімінсіз ешкімнің де басқа адамның пәтеріне басып кіруіне құқы жоқ. Тұрғын үйге өз бетімен басып кіруге: Үй иесінің еркінен тыс ашық немесе үй иесі жоқ кезде жасырын басып кіру жатады. Бұл үшін заң тіпті қылмыстық жауаптылық та белгілейді. Мұндай жауаптылық билікті теріс пайдалану жолымен басып кірген жағдайда, басқа адамның үйіне екі немесе одан да көп адам басып кірген жағдайда, заңсыз (прокурордың рұқсатынсыз) басып кірген жағдайда қозғалады. Тұрғын үйге милиция қызметкерді қылмыскердің ізіне түсу және қылмыскердің тарапынан қоғамдық тәртіпке, адамдардың қауіпсіздігіне төнген жағдайда кіреді.

Адамды тұрғын үйден айыруға тыйым салынады. Егер адам тұрғын үйге меншік құқына ие болса, онда ол оны иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабының 2-тармағында және АПК-ң 8-бабында көрсетілгендей әрбір азамат бұзылған немесе даулы конституциялық құқықтарын, бостандықтарын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Осындай тиімді тәжірибені қолдана отырып Қазақстанда көптеген азаматтық даулар сот мәжілісіндегі сот талқылауына жетпей, дариялық сатысында таратардың арнайы келісімімен шешілетін еді. Бұл өз кезегінде соттардың жұмыстағы үлкен ауырлықтарды жеңілдетуге мүмкіндік беретін еді[6].

Бұл күнде судьялардың атына қатысты айтылып жатқан кемшіліктер мен риза болмаушылық; сот қаулыларына өзгерістер енгізу, бұрмалаушылық фактілерінің көбейіп кеткендігі және кадрлар мен жұмысты түбегейлі жақсарту жөніндегі мәселелер өзекті іске айналып отыр.

Нәтижелер және оларды талқылау. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында жеке адамның құқықтық мәртебесі халықаралық-құқықтық нормаларға сәйкес бекітілгені анықталды. Конституция адам өмірі, ар-намыс, жеке өмір, тұрғын үйге қол сұқпаушылық және бостандық құқығын қорғауды айқын белгілейді. Адам құқығын қорғау, құқықтардың теңдігі және сот әділдігіне кепілдік беру – мемлекеттің негізгі міндеті болып табылады. Сонымен қатар, халықаралық құқық нормалары мен ұлттық заңнаманың үйлесімділігі Қазақстанда құқықтық қорғау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етеді, алайда құқықтарды іс жүзінде қорғауды жетілдіру мәселесі әлі де өзекті болып қалуда.

Қорытынды. Жеке адамның құқықтық мәртебесі — мемлекеттің демократиялық, құқықтық және әлеуметтік сипатын айқындайтын негізгі өлшемдердің бірі. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы адам мен азаматтың табиғи құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде танып, олардың қорғалуына мемлекеттік кепілдіктер белгілейді. Конституцияда бекітілген ережелер халықаралық-құқықтық актілердің қағидаларына сәйкес келеді және оларды ұлттық заңнамада жүзеге асыруға бағытталған. Адамның өмір сүру, ар-намыс пен қадір-қасиет, бостандық, жеке өмірге қол сұқпаушылық, тұрғын үйге және сот арқылы қорғалуға деген құқықтары – егемен мемлекеттің адамға деген құрметінің көрінісі болып табылады. Бұл құқықтар мен бостандықтарды сақтау мен қамтамасыз ету – тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның басты міндеті.

Сонымен қатар, құқықтық мәдениетті арттыру, азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын білуі мен қорғауға ұмтылуы – демократиялық қоғам дамуының кепілі. Осылайша, Қазақстан Республикасы Конституциясында орнықтырылған адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты құндылығы ретінде оның құқықтық және әлеуметтік негізін нығайтады.

Әдебиеттер.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2023.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері). – Астана: Әділет министрлігі, 2022.
3. **Караев, А. А.** THE CONSTITUTIONAL COURT IS THE MOST IMPORTANT BODY FOR THE PROTECTION OF HUMAN AND CIVIL RIGHTS AND FREEDOMS: HISTORICAL AND LEGAL EXPERIENCE OF FOREIGN COUNTRIES. Scientific and Legal Journal «Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan». № 4(71), 2022. vestnik.zqai.kz
4. **Junussova, M. T.** Constitutional and legal aspects of protection of human and civil rights and freedoms in the Republic of Kazakhstan. BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University Law Series. Vol. 147 No. 2, 2024. bullaw.enu.kz
5. **Idrysheva, S. K.** Implementation of the constitutional novel on the right of ownership of the people of Kazakhstan to natural resources. BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University Law Series. Vol. 145 No. 4, 2023. bullaw.enu.kz
6. **Kalmaganbetova, D.** & Yessentemirova A. The constitutional court as a foundation of legal defense in Kazakhstan. BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University Law Series. Vol. 151 No. 2, 2025.

МРНТИ 15.31.31 : 15.81.65

ӨОЖ 159.922.6

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОТБАСЫШІЛІК ҚАТЫНАСТАР ЫҚПАЛЫ

Мухамедали І., «Педагогика» кафедрасының оқытушысы
inzhumukhamedali@gmail.com

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация. мақалада жеткіншек және отбасы туралы жеке мәлеметтер. Сонымен қатар жеткіншектер мен отбасышылдық қарым – қатынастардың ерекшеліктері мен отбасындағы ішкі қатынас деңгейін анықтау үшін жүргізілетін әдістемелер, нығайтуға арналған жаттығулар ашып көрсетілген.

Түйінді сөздер. жеткіншек, ата – ана, қарым – қатынас, отбасы, тренинг.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі жолдауында «отбасы және бала институтын қолдау керек» деп көрсетілген. Балалар мен олардың отбасын қорғау керектігі және зорлық – зомбылық көрген отбасына, толық және толық емес отбасыларға баса назар аудару керектігі